

"Ақтау" демалыс үйін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 қараша N 1359

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының объектілерін ұстау жөніндегі бюджеттен қаржыландырылатын шығыстарды төмендету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ақтау" демалыс үйінің мүліктік кешенін Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қарауынан шығару туралы Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы аймақтың қоршаған ортасын сақтаудың және оның экологиялық жай-күйін қолдаудың ерекше маңызын ескеріп, "Ақтау" демалыс үйін жабық тендерде сату туралы шешім қабылдау үшін оны мүліктік кешен ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Ақтау" демалыс үйін жабық тендерде мүліктік кешен ретінде сатуды, мұнымен бірге Сатып алушының екі жыл бойы "Ақтау" демалыс үйінің корпустарына ресми үкімет делегацияларын міндетті түрде орналастыруы оның шарттарының бірі екенін айқындап жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі